

Ә Д Е Б И Е Т Т А Н У

М.Р.Көпбаева

ф.ғ.д., профессор

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті

Шымкент / Қазақстан

XX ғасырдың екінші жартысындағы прозадағы көркемдік ізденістер

Заман тыныш, жайшылықтағы тіршілікте адамдардың барлығы жақсы. Ал басыңа қайғы тақсиреті түскен сәтте кімнің екені танылмай қалмайды. Тағдыр тәлкегіне ұшыраған уақытта адамның шын мәніндегі адами келбетінің танылатыны белгілі философиялық шындық. Міне, осындай өмір философиясын шығармашылығына азық еткен жазушылар тамырлы толғаныстарды алға тартады. Бұл турасында белгілі жазушылар В. Шукшиннің «Дядя Ермолай», «Калина красная», В. Распутиннің «Матерамен қоштасу», Б. Можаевтың «Живой», «Лесная дорога», Е. Лазаревтің «Крестьянское гнездо», Е. Носовтың «Не имей десять рублей», «И уплывают пароходы», Ф. Абрамовтың «Пути – пере путья», С. Мұратбековтың «Жабайы алма», Б. Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді», «Балалық шаққа саяхат», Ш. Мұртазаның «Ақсай мен Көксай», «Интернат нань», «Қасқырдың тарамысы», «Айырбас», Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдарындағы» басты стильдегі, стильді құрайтын бірліктер арасындағы ұқсастықтар жөнінде айтуға болады. Мәселен, филология ғылымдарының докторы, профессор А. Ісімақова өзінің «Казахская художественная проза» атты еңбегінде 70-ші жылдардағы қазақ прозасының стилінің ерекшелігі ретінде суреткерлер дүниетанымының халықтық санамен, халықтың көзқарасымен байланысын, соның салдарынан «құдіретті автор сөзінің әлсіреп, кейіпкер сөзіне орын берілгендігін» [1,198 б.] дәлелдейді. Сонымен қатар зерттеуші қазақ прозасының стилінен жалпы одақтық әдебиет тәжірибесін көреді. Ол: «Казахские прозаики шли от потребности своего читателя, от своего стремления создать образы живых героев, отражающие взгляд народа на происходящие события. Опыт таких писателей, как Ю. Трифонов, В. Шукшин, В. Распутин воспринимался как новое явление, чуждое и несоответствующее своим традициям: он ассоциировался с потребностями своей национальной жизни» [1,199 б.] – деп О. Бөкеевтің «Шайтан көпір» шығармасының бас кейіпкері В. Беловтың Иван Африкановичімен ассоциацияланатынын аңғарады. Алайда бұл ұқсастықтардың негізінде еліктеу емес, «объективной предпосылкой этих перекличек явилась общественная ситуация 70-х годов, породившая ориентацию литературы на видение человека из народа, с которым автор не только считается, но и включает его голос в повествование, подчас делает его главенствующим» – дейді [1, 336 б.].

А.Н. Веселовский осындай жағдаяттар туралы: «влияние аналогичных общественно-бытовых условий, порождающих соответственные качества среды, которые в разных странах порождают аналогичные литературные течения и формообразования» – дейді [2, 123 б.]. Кеңес Одағының өткенге шүйліге қарап, ескімен күресі, өткенді сызып тастап жаңа өмір құру туралы идеясына, халықтың ұлттығын, этностық сипатын жою саясатына оппозиция ретінде қос әдебиетте осындай типологиялық түйісулер тудырғаны заңдылық.

Сондықтан да, ауыл өмірі тақырыбында тоғышарлықтың, кембағал керенаулықтың, барға маз болып масаюдың, өзімшілдіктің сынға алына бастауына ешқандай таңдануға болмайды. Осындай келеңсіз құбылыстардың бас көтеріп қалғандығын көрмеу де мүмкін емес. Жалпы 60-80 жылдар кеңес әдебиетінде шағын жанрдың өріс алған кезеңі болды. Бұл тенденция әсіресе, ауыл тақырыбына қалам тербеген жазушы шығармаларында кең етек алды. Орыстың көрнекті жазушысы әңгіме жанрының майталманы В. Шукшин: «Мен үшін басты тақырып – адамның рухани сұлулығы, адамгершілігі, жан тазалығы. Адам әрекеті әңгіменің басты нысанасы болуға тиіс» [3, 115 б.] дейді. Жазушының бұл айтқан пікірлері қазақ әдебиетінің көрнекті прозашылары С.Мұратбеков, Ш. Мұртаза, О. Бөкей, Д. Исабеков, Қ. Ысқақов, Т. Әбдіков, Т. Нұрмағанбетов сияқты жазушылардың ұстанымына айналды. Аталған

авторлардың әңгіме повестерінде тоғышар, желбауыз жандар психологиясының батыл сыналып, осы жарамсыз мінездердің туу, етек алу себептерінің жан-жақты қарастырылуы әбден заңды. Дегенмен біз қарастырып отырған көрнекті жазушы Ш. Мұртазаның 1960 жылдар көлеміндегі алғашқы ізденісі біршама қоғамдық талап тілектердің дәл өзінен туындап жатты. Шығармашылық тұлғаның адамгершілік позициясында қоғамдағы күшті өзгерістер мен адам жанындағы рухани дағдарыстардың ықпалынан және суреткерлердің өзі де «қабылдай алмайтын шындықтың тууына байланысты, XX ғасырда теңдесі жоқ көп қырлы позиция пайда болды». Бұл көп қырлы позиция авторларға рухани еркіндік те берді. Әуелі шеберлігін арттырып, жаңаша ізденістерге, күрделі образдар тудыруға да жол ашылды. Ендігі жерде қазақ жазушылары бұл сәтті пайдаланып, өз көкейлерінде қордаланған арман-тілек, үміт-мақсатты беруге талпынды. Кеңестік қоғамда замандас, жаңа, жас тұлғалардың бейнесі сомдалуы және олардың қоғам өмірімен тікелей байланыста алынуы талап етіліп отырды. Қолына қалам ұстаған суреткерлердің қай-қайсысы болмасын өмірлік шындықтан алшақ кетпей ізденісті адам бойында рухани-эстетикалық құнардан іздеді. әрқайсысы повестері Жазушылар адами құндылықтардың шығармаларындағы Оның осы ерекшеліктері жолында жазушыға тән өрнек-нақышын айрықша танытады. 60-80 жылдардағы жазылған түрлі ұлт өкілдерінің шығармашылық ізденістеріндегі ортақ көкемдік танымды олар көтерген ең басты тақырыптық -идеялық ізденіске зер салсақ оның ең алдыңғысы ретінде тоғышарлық пен айырлықтың Ш. Мұртазаның бұл әңгімелерінің танымдық лейтмотивіне айналып тұр.

М.Б. Храпченко былай деп жазады: «Своеобразие художников слова вовсе не означает, что между ними не существует внутренних связей, что в их произведениях не проявляются общие начала и тенденций. Эти общие начала не только существуют, они играют важную роль в литературном процессе, представляя в различных формах» [4, 79 б.].

«Деревня – наша старая мать, она навеки прощается с нами, мы должны понять это, и достойно проводить ее» – дейді. В. Распутин [5, 85 б.]. Осындай моральдық парыз қазақ жазушыларының да шығармаларынан айқын естіледі. Қ. Ысқақ, О. Бөкей шығармаларындағы ананың символдық образынан анық көрінеді. Жазушылардың жеке естеліктеріне қоғам естеліктері еселеніп, сол арқылы көркемдік қуаты күшейе түседі.

Қос әдебиеттің ауыл прозасындағы ұқсастық ел тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі халықтың адамгершілік, әділдік туралы ғасырлар бойы қалыптасқан түсінігін қопарып, өтірік пен жала өршіген күштеп коллективтендіру тақырыбына арналғандығы. Осы тақырыпты орыс әдебиетінде В. Белов «Кануны» (1972-1988), М. Алексеев «Драчуны» (1981), С. Антонов «Васька» (1987), «Овраги» (1988), Б. Можаяев «Мужики и бабы» (1986) шығармаларында көрсетеді.

Туған деревнясының басынан өткерген небір зұлмат замандарды бейнелеп, қаншама қиын-қыстау өмірді басынан кешірген елді суреттесе де, халықтың ғасырлар бойына жинақталған адамгершілік туралы биік мұраттарын бойында сақтап, көзінің қарашығындай күзетіп келген әке образын сомдайды. Кем-кетікке толы өмірден жалғыз ғана бүтін бейне көрінеді. Әжесінің көзі тірісінде оның өмірі туралы сұрап білмегеніне, заманның да оған кедергі болғанына «Мамочка родная! А я и не знал такой подробности в жизни бабушки, наверное еще в старые годы добиралась она до Украины, благословясь вернулась оттуда, да боялась рассказывать об этом в смутные времена, что как я разболтаю о молении бабушки, да из школы меня попрут, Кольчу-младшего из колхоза выпишут...» деп налиды.

Ұрпағы үшін өмір сүрген әжесінің «көзімді жабарсың» деген соңғы өсиетін орындай алмағанын, әке орнына әке, шеше орнына шеше болған әжесі қайтыс болғанында қалада жұмысынан сұранып бара алмай, кешірілмес күнә істегендей, әжесінің көзін жауып соңғы парызын өтемегенін өзегі өртеніп отырып жоқтайды: «Я еще не осознал всю огромность потери, постигшей меня. Случись это теперь я бы ползком добрался от Урала до Сибири, чтобы закрыть бабушке глаза, отдать ей последний поклон», – дейді.

Екі әдебиеттегі ауыл мен деревня прозасы көркем ашылыстардың қатарымен яғни ғұмыр бойы ата-салтты қастерлеп, ұлттық дәстүрді сақтап келген ата-әжелердің образдық аналогияларымен сол кезең әдебиетін байытты. Мәселен орыс әдебиетінде В. Распутиннің

«Соңғы мерзім», «Матерамен қоштасу» шығармаларындағы дана қарттар Анна мен Дарья образдары,

В. Астафьевтің «Последний поклон», В. Шукшиннің «Хат» әңгімесіндегі Оля кемпір образы, Ш. Мұртазаның «Қара маржан», «Ай мен Айша» романдарындағы Ахан қарты Айша, Хадиша, Сәли Қалилар, С. Мұратбековтің «Жабайы алмасындағы» әжесінің образы, О. Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасындағы әке образы, «Өз отыңды өшірме» шығармасындағы Дархан шал образы, «Ауыл әңгімелеріндегі» апасының образы жоғарыдағы оймызға толық мысал бола алады. Повесть жанрында қалам тартып, көлемді жанрды игеруде біраз ысылған Ш. Мұртазаның соғыс зардабын бейнелеген көркемдік ізденісіндегі танымның жаңаша сомдалуы әңгіме жанрында да өз орнын табады. 1972 жылы жарыққа шыққан «Соғыстың соңғы жесірі» әңгімесі Ш. Мұртазаның ұзақ жыл көкейіндегі қордалы көркем ойды ортаға салған, халық тарапынан жоғары бағаланған туынды болды. Оқырманға өткір ойлы, келелі мәселе қозғаған публицистикасы мен замандас қаһармандардың рухани драматизмін көркем сомдаған повестерімен танылған Ш. Мұртазаның шағын жанрдағы шығармалары да бірден халықтың көкейінен шығып, тамсандырған туындыларға айналды. Жазушы

Т.

Ахтан

«... Шерханның өзін ұнататын бір қасиеті – ол әңгіменің классикалық үлгілеріне бейім. Шағын әңгімеге тән шымырлық, оқиғаның қою һәм жинақтылығы, ішкі мәні, астар, новеллаға тән тосын шешімдер біздің осы ойымызға дәлел болса керек» [6, 48 б.].

Сыншы Сайлаубек Жұмабек еңбектерінде де Ш. Мұртаза әңгімелерінің ұлттық әдебиетімізге алып келген эстетикалық нәрі туралы: «... Нағыз дер шағында шабыттың Шылқұйрығына мініп алған Шерхан ағамыз көсем мінез көрсетіп, әдебиеттің ең қиын, ең елгезек, ең еленбес әңгіме жанрын қаузап ала жөнелді. Соның нәтижесінде «41-ші жылғы келіншек» (1972), «Интернат наны» (1974) атты әңгімелер жинақтары жарық көрді. Ш. Мұртазаның лирикалық прозасы енді осынау әңгімелерде философиялық иірімдер мен сарындар, тұспалдар мен мағыналар, түйіндер мен мазмұндар арқылы өте-мөте құлпырып, өте-мөте жарқырап көрінеді» [7, 214 б.] – деп жаңа жанрды игерудегі қаламгердің ізденісінің бағыт-бағдарын танытты.

Қорыта келе айтарымыз, 1960-1980 жылдардағы қазақ және өзгеде ұлт өкілдерінің прозасындағы ізденістердің кең келбетіне үңілгенде көретініміз, халық тағдыры – жазушылар үшін ежелден өз тағдырлары екендігі. Қолына қалам алған жазушылардың кеңестік кезеңдегі шындықтың бетін ашуға тыйым салған тақырыптарды жазуда қаламын серт ұстап, әңгімеге ат басын тіреуі орынды еді. Күрделі ортада тіршілік кешкен жазушылардың қоғамдағы қызметі байлық та, қайырымдылық та, үстемдік, теңдік те емес. Олардың мақсаты – биік мораль мен биік парасат еді.

Әдебиеттер:

- 1.Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало, XX века и современность). – Алматы: Санат, 2007. – 325 б.
- 2.Веселовский А.Н. Из разных лет. – Москва: Сов.писатель, 1974.-702 с .
- 3.Шукшин В. Вопросы самому себе. – Москва: Молодая гвардия, 1977. – С. 387.
- 4.Храпченко М.Б. Литература и современность.– Москва: Худ. литература, 1989.-622 с.
- 5.Распутин В. Летопись нашей эпохи. – Москва: Знания, 1979.-164 с.
- 6.Ахтан Т. Керуен. –Алматы: Жазушы, -1969. -339 б.
- 7.Жұмабек С. Жұлдызы нұрлы суреткер. –Алматы: Өлке, -1993. -127 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются некоторые особенности национального образа и характера в жанре прозы.

Summary

The article says about the novels of the writer are taken in the context of the creative activity of the writer and modern literature process.